Западно-Казакстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казакстан

Статья посвящена сохранению исторической памяти о вкладе ветеранов Великой Отечественной войны в становление и развитие кафедры медицинской и



Дильмагамбетов
Саруар Нургалеевич.
e-mail: dilmagambetov@yandex.ru

Келін түсті/
Received/
Поступила:
16.05.2025

Басылымға қабылданды/
Accepted/
Принята к публикации:
16.05.2025

© 2025 The Authors
Published by Marat Ospanov
West Kazakhstan Medical University

биологической химии ЗКМУ имени Марата Оспанова, а также демонстрация их значительной роли в формировании научных традиций, педагогической школы и системы высшего медицинского образования в регионе.

Ключевые слова: Великая Отечественная Война, ветераны, медицинское образование, химия, биохимия, кафедра, история вуза, АқГМИ, ЗКМУ, педагогика, наука

2025 год ознаменован знаменательной датой – 80-летием Победы в Великой Отечественной войне. Память об этом событии живёт не только в официальных церемониях, но и в истории организаций, в биографиях преподавателей, чьё жизненное и профессиональное становление связано с годами войны и послевоенного восстановления страны. Особое значение эта дата имеет для Западно-Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова, в становлении которого ключевую роль сыграли ветераны войны. Среди них – Хамит Сыдыкович Сыдыков, Иван Артемович Будчанов и Владимир Иванович Щеняцкий – преподаватели и учёные, внесшие значительный вклад в развитие кафедры медицинской и биологической химии.



Фото 1. Хамит Сыдыкович СЫДЫКОВ (1914-1994)

Хамит Сыдыкович Сыдыков (1914-1994 гг.) – участник Великой Отечественной войны, начальник химической службы батальона и полка. Воевал на Волховском и Первом Украинском фронтах, участвовал в обороне Сталинграда, в боях на территории Германии, Чехословакии, Венгрии, Румынии, Австрии. За доблесть и отвагу был награждён орденом Красной Звезды и медалями: «За оборону

Сталинграда», «За взятие Берлина», «За освобождение Праги», «За боевые заслуги» и другими. В мирное время удостоен медалями: «За участие в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.», «20 лет в Победы Великой Отечественной войне 1941-1945гг.», «30 лет Победы Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.».

С 1958 года Х.С. Сыдыков начал педагогическую деятельность в Актюбинском государственном медицинском институте, где прошёл путь от ассистента до заведующего кафедрой неорганической химии. В 1974 году им была успешно защищена кан-



Фото 2. Служба в рядах Советской Армии. Начальник химической службы батальона (1941-1946)




Фото 3. Служба в рядах Советской Армии. Начальник химической службы батальона (1941-1946)



Фото 4. Участие в заседаниях в стенах АГМИ

дидатская диссертация, посвящённая экологическим аспектам распределения марганца в природной среде Актюбинской области. Это стало весомым вкладом в развитие прикладной химии региона. Обладая высокой научной подготовкой и организаторскими способностями, Х.С. Сыдыков возглавил кафедру в 1973 году. Под его руководством был сформирован высококвалифицированный профессорско-преподавательский состав, укреплен материально-техническая база, внедрены современные методики преподавания, создана лабораторная база для практических занятий студентов. Хамит Сыдыкович воспитал целую плеяду преподавателей и специалистов, заложив основу научной преемственности, ставшей неотъемлемой частью университетского уклада.

Его управленческая деятельность отличалась последовательным стремлением к повышению качества

образовательного процесса, интеграции научных исследований в учебный процесс и укреплению роли химических дисциплин в системе медицинского образования.

За многолетнюю и плодотворную работу в системе здравоохранения и высшего образования Х.С. Сыдыков был удостоен высоких государственных и ведомственных наград – медали «За доблестный труд», нагрудного знака «Отличник здравоохранения», а также многочисленных грамот и благодарностей.



Фото 1. Иван Артемович БУДЧАНОВ (1916–1985)

Иван Артемович Будчанов (1916-1985 гг.)

– участник боевых действий при обороне Кривого Рога, Днепропетровска, освобождении Румынии, Болгарии, Югославии, Венгрии и Австрии. Военный биохимик, служил в санитарном эшелоне, возглавлял лабораторию по переливанию крови, обеспечивал биохимическое

сопровождение медицинских операций. За службу награжден орденом

Красной Звезды, медалью «За победу над Германией в Великой Отечественной войне в 1941-1945гг. В мирное время награжден юбилейными медалями «20 лет со дня победы в Великой Отечественной войне» и «50 лет Вооруженных сил СССР».

С 1958 года и до конца жизни работал в Актюбинском государственном медицинском институте заведующим кафедрой биохимии. Его приход стал важным этапом в развитии биохимического образования в регионе. В 1974 году он защитил докторскую диссертацию, а в 1975 году получил учёное звание профессора. Под его руководством кафедра стала научным центром, в рамках которого проводились комплексные медико-биологические исследования, в том числе экспедиции по изучению природных лечебных факторов Западного Казахстана. Профессор Иван Артёмович



Фото 2. Профессорско-преподавательский состав кафедры биохимии АГМИ

вич Будчанов внёс весомый вклад в формирование и развитие научно-педагогического наследия России и Казахстана в области медицинского образования. Он стал одним из первопроходцев биохимической науки в Западном Казахстане. Под его руководством были защищены кандидатские диссертации, опубликованы более 80 научных работ, отличающихся актуальностью и практической направленностью.




Фото 3. И.А. Будчанов - научный исследователь

Иван Артемович активно развивал лабораторную базу, обучал студентов, готовил кадры высшей квалификации. Его педагогический подход отличался требовательностью к знаниям студентов при уважительном и внимательном отношении к каждому. Он формировал у студентов основы научного мышления, профессиональной этики и клинического милосердия.

Деятельность И.А. Будчанова сочетала научную строгость, педагогическое мастерство и высокую гражданскую позицию. Он активно занимался патриотическим воспитанием студентов, формируя у них гуманистические и профессиональные ценности.

Иван Артёмович оставил после себя не только внушительное количество научных публикаций, но и живое наследие в лице своих учеников и коллег, продолживших развивать медицинскую биохимию на постсоветском пространстве.

Благодаря его усилиям кафедра биохимии Актюбинского государственного медицинского института заняла достойное место в образовательной и научной системе Казахстана, став важным звеном в подготовке высококвалифицированных врачей и исследователей.

Владимир Иванович Щеняцкий (1923-2015 гг.) – участник боевых действий с 1942 года. Воевал на Харьковском направлении, был тяжело ранен. Награжден орденом Отечественной войны I степени, медалью «За боевые заслуги» и другими наградами. После ранения и демобилизации окончил Ставропольский педагогический институт, преподавал химию в ряде учебных заведений.

Доцент, кандидат ветеринарных наук В.И. Щеняцкий стал активным участником становления научной среды вуза с момента начала своей деятельности в Актюбинском государственном медицинском институте в 1959 году.



Фото 1. Владимир Иванович ЩЕНЯЦКИЙ (1923–2015)

Он проводил исследования в области действия микроэлементов на организм человека, изучал целебные свойства минеральных вод региона. Первым в Актюбинском государственном медицинском институте получил авторское свидетельство «Почётный изобретатель СССР», что стало важной вехой в развитии научно-изобретательской работы в институте.

На протяжении десятилетий его целеустремлённая работа по обучению и научным исследованиям способствовала развитию научной и образовательной составляющих учебного процесса. В.И. Щеняцкий активно внедрял инновационные подходы к преподаванию, ориентированные на развитие аналитического и критического мышления студентов.

Его педагогический стиль сочетал строгость к знаниям с доброжелательным отношением к каждому студенту, что создавало атмосферу доверия и стимулировало интерес к предмету. Он уделял особое внимание практическим аспектам науки, способствуя подготовке квалифицированных специалистов для различных сфер медицины.



Фото 2. В.И. Щеняцкий -командир стрелковой роты (1941-1942)

Даже после выхода на пенсию, Владимир Иванович продолжал активно участвовать в жизни университета, поддерживая тесные связи с кафедрой медицинской и биологической химии и кафедрой военной

подготовки. Его участие в университетских мероприятиях оставалось значимым вкладом в патриотическое и нравственное воспитание студентов.



Фото 3. На занятии со студентами АГМИ

Его жизненная стойкость, профессиональная преданность и высокие моральные стандарты служили примером не только для студентов, но и для коллег. Он акцентировал внимание на важности сочетания профессионализма с честностью и человечностью. Его жизнь стала ярким примером актуальности служения идеалам на протяжении всей жизни.

История кафедры медицинской и биологической химии ЗКМУ имени Марата Оспанова неразрывно связана с именами фронтовиков – Х.С. Сыдыкова, И.А. Будчанова и В.И. Щеняцкого. Их жизненные пути стали примером самоотверженного служения Родине – сначала на полях сражений, затем в научной и педагогической деятельности. Они заложили прочную научную и педагогическую основу, на которой строится современное медицинское образование.

Память о них – это не только уважение к прошлому, но и руководство к действию для будущих поколений. Их вклад в развитие высшей школы, медицины и науки сохраняется в делах их учеников, в традициях кафедры, в благодарной памяти университета.

Выражение благодарности

Материалы представлены из фондов Музея ЗКМУ имени Марата Оспанова, Музея Боевой Славы и архива университета.



УДК 328:929(574)

МРНТИ 11.15.45, 03.29, 03.20

Ж.Т. ТӨЛЕПБЕРГЕНИ, А.Р. ЖАНГАЛИЕВА, Б.А. МОЛДИН**МАРАТ ОСПАНОВ – ҒАЛЫМ, САЯСАТКЕР, ТҰЛҒА**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Төлепбергени Ж.Т. – <https://orcid.org/0009-0002-2861-0727>Жангалиева А.Р. – <https://orcid.org/0000-0001-5051-5844>Молдин Б.А. – <https://orcid.org/0009-0006-7600-2194>**Библиографиялық сілтеме:**Төлепбергени ЖТ, Жангалиева АР, Молдин БА. Марат Оспанов – ғалым, саясаткер, тұлға. *Gylym aliandy*. 2025;2(2):85-91**Citation:**Tolepbergeni JT, Zhangalieva AR, Moldin BA. M. Ospanov: Scholar, Politician, Personality. *Gylym aliandy*. 2025;2(2):85-91**Библиографическая ссылка:**Төлепбергени ЖТ, Жангалиева АР, Молдин БА. М. Оспанов: учёный, политик, личность. *Gylym aliandy*. 2025;2(2):85-91**Марат Оспанов – ғалым, саясаткер, тұлға**

Ж.Т. Төлепбергени, А.Р. Жангалиева, Б.А. Молдин

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Мақалада ғалым, тұлға, саясаткер М. Оспановтың еңбектері, өмір жолы жайында толыққанды мәліметтер қамтылды. Қазақстанның саяси-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға ретінде оның ғылыми және қоғамдық қызметі жан-жақты талданды. Мақсатымыз — М. Оспановтың ел дамуына қосқан елеулі еңбектерін, оның өнегелі өмір жолын жастарға үлгі ету, таныстыру. Зерттеу барысында тарихи құжаттарға, естеліктерге, ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, нақты әрі жан-жақты ақпарат берілді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы жолында ерекше еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатарында М. Оспановтың орны айрықша. Ол — егемен еліміздің алғашқы Парламент Мәжілісінің төрағасы ретінде заң шығару билігінің іргесін қалауға, құқықтық жүйенің негізін қалыптастыруға атсалысқан көрнекті тұлға. Сонымен қатар, ол терең білімді экономист, ұзақ жылдар Ақтөбе медицина институтында қызмет жасаған ұстаз, ғалым ретінде де танымал. М. Оспановтың саяси және ғылыми қызметі Қазақстан тарихының өтпелі кезеңімен тұспа-тұс келіп, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған көптеген реформалардың бастамашысы болды. Оның мемлекеттік басқару, салық жүйесі, бюджет құрылымы және парламентаризм жөніндегі еңбектері бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылады.

Негізгі сөздер: М. Оспанов, Тәуелсіз Қазақстан, Парламент, Тәуелсіздік, тарих, саясат, тұлға, оқытушы

M. Ospanov: Scholar, Politician, Personality

Tolepbergeni J.T., Zhangalieva A.R., Moldin B.A.

Marat Ospanov West Kazakhstan Medical University, Aktobe, Kazakhstan

This article provides an in-depth overview of the life and legacy of M. Ospanov, as a scholar, politician, and public figure. It presents a comprehensive analysis of his scientific, pedagogical, and political contributions, emphasizing his pivotal role in shaping Kazakhstan's political and economic landscape during its early years of independence.

Drawing on historical documents, memoirs, and scientific literature, the study offers a well-rounded portrait of Ospanov's career and personal values. He occupies a unique position among Kazakhstan's state and public leaders, particularly as the first Chairman of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, where he played a central role in establishing the legislative framework of the country. Beyond his political impact, he was also a respected economist, educator, and scientist who worked for many years at the Aktobe Medical Institute.

Ospanov's initiatives and reforms, launched during Kazakhstan's transitional period, significantly contributed to the country's socio-economic stability. His works on public administration, tax policy, budgetary structure, and the foundations of parliamentarism remain relevant to this day. The article aims to introduce younger generations to his legacy, moral values, and life journey as a model of civic engagement and leadership.



Жангалиева
Айнур Рашидовна
e-mail: ab_150583@mail.ru

Келін түсті/
Received/
Поступила:
18.04.2025 г.

Басылымға қабылданды/
Accepted/
Принята к публикации:
21.04.2025 г.

© 2025 The Authors
Published by Marat Ospanov
West Kazakhstan Medical University

Keywords: *M. Ospanov, Independent Kazakhstan, Parliament, politics, history, personality, education, public administration*

М. Оспанов: учёный, политик, личность

Ж.Т. Төлепбергени, А.Р. Жанғалиева, Б.А. Молдин

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

В статье дается подробное описание трудов М. Оспанова и его жизненного пути как ученого, политика и личности. Также в статье также представлен всесторонний анализ его научной и общественной деятельности как лица, внесшего неопределимый вклад в политико-экономическое развитие Казахстана. Наша цель – познакомить молодое поколение с трудами Марата Оспанова, его нравственными принципами, жизнью, которая может служить примером для подрастающего поколения.

В результате исследования, которое опиралось на исторические документы, воспоминания, научную литературу, были получены точные и всесторонние данные.

Среди государственных и общественных деятелей, внесших особый вклад в становление и развитие Республики Казахстан как независимого государства, особое место занимает М. Оспанов. Он является выдающейся фигурой, участвовавший в создании законодательной власти, формировании основы правовой системы в качестве председателя первого Мажилиса Парламента суверенной страны. Он также известен как экономист с глубокими познаниями, учитель, ученый, много лет проработал в Актюбинском медицинском институте. Политическая и научная деятельность М. Оспанова совпала с переходным периодом в истории Казахстана, и он стал инициатором многих реформ, направленных на стабилизацию социально-экономического положения страны. Его труды по государственному управлению, налоговой системе, структуре бюджета и парламентаризму актуальны и в настоящее время.

Ключевые слова: *М. Оспанов, Независимый Казахстан, Парламент, Независимость, история, политика, личность, преподаватель*

М. Оспанов – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы айрықша маңызды тұлға. Оның есімі қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуының негізгі кезеңдерімен тығыз байланысты, бірақ саяси қызметтен тыс ол білікті маман, жоғары интеллект иесі, көрнекті адамгершілік ұстанымы, өз елінің нағыз патриоты болды. Тарихи тұлғаның сан қырларын ұстаз, ғалым, саясаткер ретінде жан-жақты ашу үшін оның өмірбаянына, саяси-әлеуметтік көзқарастарына, адамгершілік бағдарларына, мінезіне, отбасымен және қоғаммен қарым-қатынасына жүгіну қажет.

М. Оспанов 1949 жылы 17 қыркүйекте Қазақ КСР Ақтөбе қаласында дүниеге келген, ата-анасы мәдениет саласында қызмет жасаған, бұл оның ұлттық салт-дәстүрлері жақсы біліп, ұлттың бірегейлігін сақтауына маңызды ықпал етті [1]. Бала кезінен ол оқуға, тәртіпке және жауапкершілікке бейімділік танытты. Оның ата-анасы ұлын еңбекқорлық, үлкендерге құрмет және туған жерге деген сүйіспеншілік рухында тәрбиеледі. Мұндай құндылықтар оны өмір бойы сүйемелдеді.

Мектеп жылдарындағы мұғалімдері «Маратта аналитикалық ойлаудың жоғары деңгейі және қоғамдық қызметке бейімділігі» болды деп еске алады. Ол экономикаға, тарихқа ерте қызығушылық таныта бастады, сонымен қатар мектеп өміріне белсенді қатысты. Бұл оған Кеңес Одағының ең беделді жоғары оқу орындарының бірі — Г.В. Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтына түсуге мүмкіндік

берді, онда ол экономика саласында іргелі білім алды [2].

М. Оспанов – азамат, ғалым, оқытушы ретінде

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті (БҚМУ) — Қазақстанның батыс өңіріндегі жетекші жоғарғы оқу орындарының бірі. 1957 жылы 1 қыркүйекте Ақтөбе мемлекеттік медицина институты ретінде құрылып, батыс, оңтүстік, солтүстік-батыс Қазақстан аймақтарын білікті медициналық кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында қызмет атқарып келеді. 1997–2000 жылдар аралығында — Ақтөбе мемлекеттік медицина институты, 2000–2009 жылдар аралығында — Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы, 2009 жылдан бастап — Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті болып өзгертілді. Марат Оспанов 1973 жылдан бастап Ақтөбе медицина институтында (қазіргі БҚМУ) саяси экономика пәнінен сабақ берді. 1976 жылдан 1979 жылға дейін ҚазҰУ-да аспирантурада оқыды. 1979 жылдан 1989 жылға дейін Ақтөбе медицина институтында оқытушы, кейін кафедра меңгерушісі болды. Бұл кезеңде ол Қазақстанның медициналық білімінің дамуына елеулі үлес қосты.

М.Оспанов 1971 жылы «экономика» мамандығы бойынша институтты бітіріп, Қазақстанға оралды. Ол өзінің еңбек және ғылыми қызметін осы жерден бастады. Алғашқы жылдары Қазақ КСР Мемлекеттік

жоспарының есептеу орталығының ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеді. Содан кейін Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. Қызметтен кейін ол Ақтөбе медициналық институтында саяси экономика пәні бойынша сабақ жүргізді.

1976 жылдан 1979 жылға дейін С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды. Онда ол экономика саласындағы ғылыми білімін тереңдетіп, зерттеуші ғалым ретінде қалыптаса бастады [3]. Бұл кезең М. Оспановтың ғалым ретінде ғана емес, сонымен бірге нақты интеллектуалды ұстанымы бар ойлы, терең тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Оның оқытушылық қызметі оның мінезін, тәртібі мен көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың маңызды кезеңдерінің біріне айналды.

Замандастарының арасында М. Оспанов жоғары адамгершіліктің, адалдық пен қарапайымдылықтың адамы ретінде танымал болды. Ол әрқашан әріптестері, студенттері немесе қарапайым азаматтары болсын, басқа адамдарға құрметпен қарайтын. Тіпті жоғары лауазымдарда болған жылдары да ол жеке күзеттен бас тартты және базарларда, көшелерде, қоғамдық орындарда адамдармен, халықпен кездесуде тең дәрежеде ашық сөйлескен. Әсіресе журналистермен сұхбат барысында сыни ойларын ашық айта білген. Бұл оның өзі қызмет еткен халықпына деген терең сезімін көрсетті [4].

Жақындары мен әріптестері М. Оспановтың өтірікке, адалдыққа, мансапқа төзбейтінін және әділеттілік пен мораль мәселелерінде принципті болғанын еске алады. Ол мінез-құлқындағы ұстамдылықпен, терең

жеке тәртіппен, әр мәселеге ерекше назар аударумен ерекшеленді. Бұл принциптер оның саяси қызметте нағыз мемлекетшіл болуына тікелей ықпал етті.

М. Оспанов отбасылық адам болған. Оның жұбайы – Б. Ахметқалиқызы ол тек қамқор күйеуі мен әке ғана емес, сонымен қатар отбасының тірегі болғанын еске алды [5]. Ол жұмыс кестесінің тығыздығына қарамастан жанұясына көп көңіл бөліп, жақсы атмосфера қалыптастыра алатын еді дейді.

Оның балаларына, достары мен әріптестеріне деген көзқарасы, шынайы қарым-қатынасы зейінділігімен ерекшеленген. Жақындарының естеліктеріне сүйенсек, ол әйелінің әр туған күнінде оған 19 ақ пион сыйлаған, бұл сан олардың өмірлік символына айналған. Бұл естеліктері әсерлі, оның отбасылық құндылықтарға адалдығын және жоғары эмоционалды мәдениетін көрсетеді.

Жауапкершілігі жоғары, саяси қызметте жүріп, ол өзін-өзі жетілдіруге және ғылыми жұмыстарға уақыт тапты. Ол қазақ мәдениетін, тарихын жақсы көретін, халық музыкасын ерекше назар аударды. Кейінгі уақыттарда домбыра тартып үйреніп, белгілі күйші С. Тұрысбектен сабақ алған. Бір естелігінде «Домбыра адамды қазақша ойлауға үйретеді, мен домбыра арқылы ана тілінде сөйледім» дейді, осылайша ұлттық мәдениетке деген құрметті ғана емес, сонымен бірге жеке дамуға деген ұмтылыс зор екені байқалады [6].

Ол көркем және философиялық әдебиеттерді белсенді оқыды, көпшілікке дәрістер оқып, пікірталас алаңдарында сөз сөйледі. Оның сенімді, нәзік және құрметпен сөйлеу қабілеті тіпті қарсыластарын таң қалдырды. М. Оспановтың зияткерлік әлеуеті оның



Фото 1. Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің алғашқы төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы М. Оспанов атындағы оқу аудиториясының ашылу салтанат. «Қоғамдық – гуманитарлық пәндер» кафедрасының ПОҚ және М.Оспановтың шәкірттері (2025 жыл).

жеке басының ажырамас бөлігі болған, рухани құндылықтармен тығыз байланысты.

2000 жылы мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін М. Оспановты еске алу әртүрлі формада жалғасты. Ақтөбеде ескерткіш орнатылып, көшелер мен оқу орындары оның есімімен аталды. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан медицина университеті М. Оспановтың есімімен аталады [7].

Ғалым М.Оспановтың қазіргі уақытта көптеген еңбектері бар және ол туралы жазылған біршама ғылыми еңбектер мен естеліктер бар. Қазіргі таңда университетімізде Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің алғашқы төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы Марат Тұрдыбекұлы Оспанов атындағы оқу аудиториясы ашылды. Кабинеттің ашылу мақсаты Марат Оспановтың университетімізде алған өзінің аталмыш орны мен орасан зор еңбектерін, ұстаз ретіндегі тұлғалық қасиетін университет студенттеріне дәріптеу болып табылады (фото 1,2).



Фото 2. Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің алғашқы төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы М. Оспанов атындағы оқу аудиториясының ашылу салтанат. «Қоғамдық – гуманитарлық пәндер» кафедрасының ПОҚ және М.Оспановтың шәкірттері (2025 жыл).

Кабинет Марат Оспановтың еңбек жолындағы «Қоғамдық-гуманитарлық» пәндер кафедрасында, университетіміздің алтыншы қабатында орналасқан. Кабинеттің ашылуына М.Оспановтың жұбайы Бақыт Оспанова және отбасылық досы Джанат Үмбетқызы Ақтаева қаржылай демеушілік жасап, кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., Ж.Т.Төлепбергенидің басқаруымен жүзеге асырылды.

Қайырымдылық, білім беру және ғылыми жобалармен айналысатын М. Оспанов атындағы қоғамдық қор құрылды. Жыл сайын оны еске алуға арналған конференциялар, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізіледі. Осы шаралардың барлығы М. Оспановтың тұлғасы жаңа ұрпақты шабыттандыруды жалғастыратынын көрсетеді.

М. Оспанов – саясаткер ретінде

М. Оспановтың саяси қызметі Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу тарихында ерекше орын алады. Жаңа заманның алғашқы реформаторларының бірі бола отырып, ол заңнамалық базаны қалыптастыруға, парламентаризмді дамытуға ішкі және экономикалық саясаттың стратегиялық бағыттарын әзірлеуге елеулі үлес қосты. Оның есімі мәжіліс құру, салық кодексін қабылдау, азаматтық қоғам құру және мемлекеттік басқаруды жаңғырту сияқты маңызды кезеңдермен тығыз байланысты.

М. Оспанов – елдегі қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді араласып, республика Парламентінің қалыптасуына, саяси және экономикалық реформалардың әзірленіп, жүзеге асырылуына үлес қосқан тұлға. Ол қаржы және бюджет, салық т.б. экономикалық салаларға арналған жүзден аса ғылыми мақала, 8 монография жазды. 1999 жылы «Тұрақтанудан өсімге қарай» атты дағдарысқа қарсы экономикалық бағдарламасын жариялады, кейін бұл Үкіметтің экономикалық бағдарламасына негіз болды. Қазақстан халқын жарқын болашаққа бастап, елдің көшін алға сүйреп, әлемдік қауымдастықтағы әлеуеті зор елге айналдыруда оның сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Халқының жоғын жоқтап, мұңын мұндаған жанашыры, тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлға, экономиканы қарқынды дамыту мен халықтың әл-ауқатын арттыруда айрықша табыстарға қол жеткізген кемел көшбасшы. Ол – бабаларымыздан келе жатқан ұлы арман – тәуелсіздігімізді орнықтыру жолындағы қиын белестерді бағындырып, тарих төрінен өзіндік қолтаңбасымен көрінген саясаткер.

Қазір республиканың экономикалық әлеуеті жыл өткен сайын артып келеді. Халықтың тұрмыс-тіршілігі ауыз толтырарлықтай өзгеріп келеді. Тәуелсіздіктің туын көтерген елімізді қажымай-талмай алға бастай білді. Әлемді шарпыған қаржылық-экономикалық дағдарысты дүниежүзінде елдің алды болып еңсеруге аянбай тер төкті. Мыңжылдықтар ауысып, ғасырлар тоғысар алмағайып заманда қайсарлық таныта алды. Білім мен тәрбие – егіз, екеуі қарлығаштың қос қанатындай. Адамгершілік құндылықтар осы екеуі арқылы қалыптасады. Осыны жетік түсінген ғалым М. Оспанов ғылым-білімнің соны жетістіктерімен сусындап, кейінгі жас буынның бойына өркениетті Қазақстанды орнатуға деген құштарлық сезімін ұялатты. Халқымыз дарынды ұлға, талантты қызға қай заманда да кенде болмаған. Олардың бәрі де халқымыздың тарихында өшпес із қалдырып, аспанымызда шоқжұлдыздай жарқырап тұр...

Егемен еліміздің болашақ азаматтарын өркениетті өзге халықтардан кем болмасын, солармен терезесі тең болсын деп армандады. Жастарды туған елінің мәртебесінің биік, абыройының асқақ, ар-намысының жоғары болуы үшін жақсы білім алып, адал еңбек етуге шақырды. Әлемдік қауымдастықтың талаптарына сай келетін жоғары білікті, білімді, бәсекеге қабілетті маман болғанын тіледі. Осындай жан сүйсіндірер

істері арқылы жастарға қамқорлық көрсетті.

Адам өмірі қилы белестерден, қиялы асулардан тұрады. Сол асуларды еңбекпен еңсеріп, жоғары білім мен біліктің, биік парасат пен пайымның, елім деп соққан жүректің арқасында қатардағы қарапайым жоспарлау, есептеу орталығының ғылыми-зерттеу институтындағы кіші ғылыми қызметкерліктен Парламентаризм мен демократия негізін қалаушылардың бірі, Парламент мәжілісінің тұңғыш төрағалығына дейін кемелденген Марат Тұрдыбекұлының өмірлік тәжірибесінен алар өнеге мол. Жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегені бар. Біз болашақ ұрпақтың елдік рухы мықты болсын десек, оларды рухани уызға жарытып өсіруге тиіспіз. Мемлекетшілдік, бірлік, татулық ұғымдарын бала санасына жастайынан сіңіруіміз қажет. Біз өзіміздің балаларымызды, жастарымызды өзгелерді тыңдауға және түсінуге, басқа ұлттардың тілі мен ділін, салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеуіміз керек. Тәрбие мәселесі отбасының ғана емес, мемлекеттік мәні бар іс екені айқын. Міне, осындай игіліктерді М. Оспановтың істерінен анық аңғарамыз. Қабырғалы қалың елдің еңсесін көтеруге аянбай атсалысқан ғалым туралы қалай айтсақ та жарасады. Батыс Қазақстан медицина университеті базасында 2019 жылы М.Оспановтың 70 жылдығына орай республикалық конференция ұйымдастырылды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен ғалымдар мен ізденушілер, ел экономикасына сүбелі үлес қосып жүрген тұлғалар, М. Оспановтың жары, ғалымның атындағы қоғамдық қор басшысы Бақыт Ахметқалиқызы қатысты. Ғалым, қоғам қайраткері М. Оспановтың есімін ел есінде сақтау мақсатында

жыл сайын қыркүйек айында кафедра ұжымы студенттер арасында танымдық іс-шара өткізеді. Биыл 2025 жылы саясаткер М. Оспановтың 75 жылдығына орай тағы бір мазмұнды еске алу шарасы өтті (3-сурет).

М. Оспанов өз қызметінде нақты саяси идеологияны басшылыққа ала отырып, саяси жағдай қажеттіліктеріне сай шешімдер қабылдап, кәсіби саясатпен айналысты. Ол белгілі идеология өкілі болғандықтан, бір жағынан, оның мақсаттарына сәйкес, екінші жағынан, нақты саяси жағдай қажеттіліктеріне сай өз қызметін жүзеге асыра білді.

М. Оспанов – тарихи тұлға ретінде

М. Оспановтың педагогикалық қызметі оның өмірбаянының маңызды және аз зерттелген жағын білдіреді. Оның есімі Қазақстанның саяси реформалары мен экономикалық трансформациясының символына айналғанға дейін ол оқытушы, ғалым, жастарға тәлімгер болған. Оның жоғары мектептегі көпжылдық жұмысы, академиялық дайындығы, әдістемелік талапшылығы және білімді жеткізуге деген сүйіспеншілігі оны жоғары білікті маман ғана емес, сонымен қатар сөздің кең мағынасында сауатты оқытушы болған.

М. Оспанов оқытушылық қызметін 1973 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында (қазіргі Батыс Қазақстан медицина университеті, оның атымен аталған) бастаған. Сол кезде ол қоғамдық бейіндегі пәндерден — КОКП (Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы) тарихы мен саяси экономика пәнінен сабақ жүргізген. Бұл жай ғана формальды жүктеме емес еді: әріптестерінің естеліктеріне сәйкес, оның әрдайым



Фото 3. М.Оспановтың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің ПОҚ және М.Оспановтың туыстары (2025 ж.).

сабаққа ерекше мұқият дайындалып, материалдарды таңдап, студенттер оқығандарын жақсы түсінуі үшін елдегі және әлемдегі саяси-экономикалық жағдайды талдады [8]. Қазіргі уақытта университетте М.Оспановтан білім алған студенттер бар. Естелік әңгімені өрбітіп көрген жайымыз бар. Алмағамбетова Алтын Сатыбалдықызы – университеттің кәсіби өсу орталығының жетекшісі, Фтизиатрия және дерматовенерология кафедрасының доценті:

- 1985-86 жылдары М. Оспанов АқММИ-н (Ақтөбе Мемлекеттік Медицина Институты) саяси экономика кафедрасының меңгерушісі болды. Біз, «Емдік іс» мамандығының 6-шы курс студенттері едік. Сол уақытта М. Оспанов басқарып отырған кафедраға сабаққа келетінбіз. Кеңес халқының өміріндегі осындай орасан зор өзгерістер дәуірінде саяси экономика бойынша практикалық сабақтар өте қызықты және тартымды болды. Сол заманда біз саяси экономика бойынша мемлекеттік ауызша емтихан тапсырамыз. М.Оспанов әрқашан өз пәні бойынша жақсы, үлгерімі жоғары студенттерді атап өтетін. Сол кезде ол маған саяси экономика бойынша емтиханды автоматты түрде қойып берді. Білім алған тұлғалар Оспановтың талапшыл, бірақ әділ ұстаз болғанын атап өтті. Ол оқуға ресми көзқарасқа жол бермеді, рефераттар мен курстық жұмыстарды дайындауда шығармашылықты ынталандырды, стандартты емес тақырыптарды ұсынды және ғылымға деген қызығушылықты сақтады. Оның көптеген студенттері оның дәстүрлерін жалғастыра отырып, танымал дәрігерлер, ғалымдар мен менеджерлерге айналды.

1976 жылы Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына түскен. Оның ғылыми мүдделері Саяси экономика саласында, кейінірек салық және бюджет саясатында көрінген. Аспирантурада алған академиялық дайындық оған жоғары ғылыми деңгейді ғана емес, сонымен қатар экономикалық процестерді терең түсінуге мүмкіндік берді. Бұл әсіресе кейінірек еліміздің стратегиялық экономикалық бағдарламаларын әзірлеуге қатысқан кезде көрінді, бірақ дәл осы жылдары іргетас қаланғандығы айқын. Ол бюджетті қалыптастыру, салық қысымы, ұлттық кірісті қайта бөлу мәселелерін зерттеді, бұл оның экономикалық реформалар тұжырымдамаларына негіз болды [9].

Ақтөбе медициналық институтына оралып, М. Оспанов Саяси экономика кафедрасында оқытушылық қызметін жалғастырды. Ол оқытушыдан доцентке, кейіннен кафедра меңгерушісіне дейін барды. Университеттегі жұмыс оған тек ғылыммен айналысуға ғана емес, сонымен бірге болашақ мамандарды кең көзқараспен қалыптастыруға мүмкіндік берген.

Әріптестері оның оқытуды екінші дәрежелі кәсіп деп санамайтынын еске алады. Керісінше, оның

қоғамдық және саяси белсенділігінің артуына қарамастан, ол оқу процесіне адал болып қала берді [8].

Оның әдістемесінде сол кездегі заманауи тәсілдер байқалды: ол кейс-талдауды, құжаттармен жұмыс істеуді, ситуациялық есептерді шешуді қолданды. Ол көбінесе сабақтарға елдің саяси және экономикалық өмірінен нақты мысалдарды енгізді, осылайша студенттерді материалды талқылауға және сыни тұрғыдан түсінуге ынталандырды. Ол Сонымен қатар, басқа университеттердің оқытушыларымен белсенді жұмыс істеді, әдістемелік семинарлар мен конференцияларға қатысты, онда қоғамдық пәндерді оқытуға өз көзқарастарын білдірді. Оның жоғары оқу орындарының жинақтарында жарияланған еңбектері әлі күнге дейін Марат Оспанов атындағы БҚМУ кітапханасында университеттің зияткерлік мұрасының бөлігі ретінде сақталған [10].

М. Оспанов тәлімгер ретіндегі естеліктерін көптеген әріптестері мен шәкірттері қалдырды.

Қорытынды

М. Оспановтың өмірі мен қызметі Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы саяси және экономикалық дамуына үлкен үлес қосты. Оның еңбектері мен бастамалары бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ, ал есімі ел жадында мәңгі сақталады. Сондай-ақ М. Оспановтың еңбектері қаржы, бюджет, салық және басқа да экономикалық мәселелерге арналған.

Оның жетекшілігімен оқытушылық мансабын бастағандардың кейбіреулері кафедра меңгерушілері, проректорлар және профессорлар болды. Бұл оның білім беріп қана қоймай, аймақтың ғылыми және педагогикалық элитасын тәрбиелегенін көрсетеді. Оның шабыттандыру және тәжірибе алмасу қабілеті оқу бағдарламасын білу сияқты маңызды болды.

М. Оспанов дүниеден өткеннен кейін тәуелсіз елдің дамуына, Қазақстанның білім, медицина, экономика, саяси институттардың қалыптасуына қосқан үлесі үшін, Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына, яғни, бүгінгі Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетіне есімі беріліп, оның салтанатты ашылуына ҚР Тұңғыш президенті арнайы қатысқан тарихи сәттің көпшілік куәсі болған.

Университетте М. Оспанов мұражайы жұмыс істейді, онда оның қолжазбалары, кітаптары, фотосуреттері, құжаттары жинақталған. Бұл кеңістік оның зияткерлік және педагогикалық мұрасын жас ұрпаққа сақтау және беру орталығына айналды. Сондай-ақ, университет ғылыми қызметте белсенді оқитын студенттерге атаулы стипендиялар мен гранттар тағайындайды. Университет оқу – тәрбие, ғылым, медициналық тәжірибелер арқылы ел идеологиясының маңызды бағыты, денсаулық сақтау саласында жасалып жатырған нәтижелі жұмыстары арқылы М. Оспановтың есімі ұрпақтар жадында мәңгі қалары анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оспанов Марат Тұрдыбекұлы. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2005. Т.7. – Б. 132. https://ru.wikipedia.org/wiki/Оспанов,_Марат_Турдыбекович
2. «Демократ Оспанов». Первый спикер мажлиса и его отношения с Назарбаевым. Радио Азаттык. <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-the-former-speaker-of-mazhilis-marat-ospanov/31071659.html>
3. Марат Оспанов. Демократ. Патриот. Личность. Караван. <https://www.caravan.kz/news/marat-ospanov-demokrat-patriot-lichnost-88679/>
4. Оспанов Марат Тұрдыбекович. Большая российская энциклопедия. <https://bigenc.ru/c/ospanov-marat-turdybekovich-bfa904>
5. Маринец А. Замечательный отец и муж. Актюбинский вестник. 2019. <https://avestnik.kz/zamechatelnyj-otecz-i-muzh/>
6. Вклад Марата Оспанова в создание гражданского законодательства // Закон.kz. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33633063
7. М. Оспановты еске алу конференциясының материалдары. - Ақтөбе: Батыс Қазақстан медициналық университеті, 2020. – 112 б. URL: <https://zkmu.edu.kz/ru/2023/05/17/zavershenie-dnej-pamyati-pedagoga-uchenogo-politika-marata-ospanova/>
8. Марат Оспанов: Педагог. Саясаткер. Ғалым // Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті. – 2022. – 15 қыркүйек. URL: <https://zkmu.edu.kz/ru/2022/09/15/marat-ospanov-%d2%b1staz-sayasatker-%d2%93alym/>
9. Оспанов, Марат Тұрдыбекұлы // Уикипедия. URL:<https://ru.wikipedia.org/wiki/Оспанов>
10. БҚМУ-дағы Марат Оспанов мұражайы // Закон.kz. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31616431

Ädebietter tizimi:

1. Ospanov Marat Turdibekuli. Qazaqstan ulttiq énciklopediyası. Almatı: Qazaq énciklopediyası , 2005. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1178883&simple=true#>
2. Mamashuly A. «Demokrat Ospanov». Pervyy spiker mazhilisa i yego otnosheniya s Nazarbayevym. Radio Azattyk. <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-the-former-speaker-of-mazhilis-marat-ospanov/31071659.html>
3. Marat Ospanov. Demokrat. Patriot. Lichnost'. Karavan. Mediaportal <https://www.caravan.kz/news/marat-ospanov-demokrat-patriot-lichnost-88679/>
4. Ospanov Marat Turdybekovich. Nauchno-obrazovatel'nyy portal: Bol'shaya rossiyskaya entsiklopediya. <https://bigenc.ru/c/ospanov-marat-turdybekovich-bfa904>
5. Marinets A. Zamechatel'nyy otets i muzh: interv'yu s B.Ospanovoy. Aktyubinskiy vestnik, 2019. <https://avestnik.kz/zamechatelnyj-otecz-i-muzh/>
6. Suleymenov MK. Vklad Marata Ospanova v sozdaniye grazhdanskogo zakonodatel'stva. Zakon.kz. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33633063
7. Zaversheniye dney pamyati pedagoga, uchenogo, politika Marata Ospanova. <https://zkmu.edu.kz/ru/2023/05/17/zavershenie-dnej-pamyati-pedagoga-uchenogo-politika-marata-ospanova/>
8. Марат Оспанов: Педагог. Саясаткер. Ғалым <https://zkmu.edu.kz/ru/2022/09/15/marat-ospanov-%d2%b1staz-sayasatker-%d2%93alym/>
9. Ospanov, Marat Turdibekuli. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Оспанов>
10. BQMW-dağı Marat Ospanov murajayı. Zakon.kz. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31616431

ШОЛУ	REVIEW	ОБЗОРНАЯ СТАТЬЯ
1. К.А. Аманкулова, Н.Е. Аблакимова Жаңа антибиотиктерді жасаудағы жасанды интеллекттің рөлі: Әдеби шолу 46 K.A. Amankulova, N.Y. Ablakimova The Role of Artificial Intelligence in the Development of New Antibiotics: A Literature Review 46 К.А. Аманкулова, Н.А. Аблакимова Роль AI в создании новых антибиотиков: литературный обзор 46		
2. И.Т. Абдикадилова, Д.З. Әлихан, М.М. Хамзиева Инсультпен ауырған науқастарды оңалту бойынша халықаралық тәжірибелер (әдеби шолу) 57 I.T.Abdikadirova, D.Z.Alikhan, M.M. Khamziyeva International Experience in Rehabilitation of Stroke Patients: A Literature Review 57 И.Т. Абдикадилова, Д.З. Алихан, М.М. Хамзиева Международный опыт реабилитации пациентов, перенесших инсульт (литературный обзор) 57		
3. Г.К. Есимова, И.З. Какетаева, Н.Н. Правин, Б.С. Туримбетова Бірқатар метеорологиялық факторлардың адам денсаулығына кері әсерлері: медициналық бағалау 63 G.K. Yesimova, I.Z. Kaketaeva, N.N. Pravin, B.S. Turimbetova The Influence of Meteorological Factors and Their Negative Impact on Human Health: Medical Assessment 63 Г.К. Есимова, И.З. Какетаева, Н.Н. Правин, Б.С. Туримбетова Влияние метеорологических факторов и его отрицательные воздействия на здоровье человеческого организма: медицинская оценка 63		
КЛИНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ	CASE REPORT	КЛИНИЧЕСКИЙ СЛУЧАЙ
4. К.А. Акбергенова Іріңді инфекциямен асқынған бас сүйегінің сынықтарының қалыптасу жасын диагностикалау 69 K.A. Akbergenova Diagnosis of the Age of Skull Fractures Complicated by Purulent Infection 69 К.А. Акбергенова Диагностика давности образования переломов костей черепа, осложнённого гнойной инфекцией 69		
МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ	MEDICAL EDUCATION	МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ
5. Б.К. Васич, А.И. Миралеева, М.М. Книсарина Цифрлық дәуірдегі кейс әдісі: медициналық мамандықтар студенттерінің кәсіби дағдыларын дамыту 74 B.K. Vasic, A.I. Miraleyeva, M.M.Knissarina The Case Method in the Digital Age: Developing Professional Skills Among Medical Students 74 К. Васич, А.И. Миралеева, М.М. Книсарина Кейс-метод в цифровую эпоху: формирование профессиональных навыков у студентов медицинских специальностей 74		
МЕДИЦИНА ТАРИХЫ	HISTORY OF MEDICINE	ИСТОРИЯ МЕДИЦИНЫ
6. С.Н. Дильмагамбетов, Ж.Ж. Гумарова, Н.Д. Ермуханбетова Майдангерлердің ғылыми мұрасы: Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті медициналық және биологиялық химия кафедрасының қалыптасуына және дамуына қосқан үлесі 81 S.N. Dilmagambetov, Zh.Zh. Gumarova, N.D. Ermukhanbetova Scientific Legacy of Frontline Soldiers: The Contribution of Veterans of the Great Patriotic War to the Formation and Development of the Department of Medical and Biological Chemistry of the Marat Ospanov West Kazakhstan Medical University 81 С.Н. Дильмагамбетов, Ж.Ж. Гумарова, Н.Д. Ермуханбетова Научное наследие фронтовиков: вклад ветеранов Великой Отечественной Войны в становление и развитие кафедры медицинской и биологической химии Западно-Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова 81		
7. Ж.Т. Төлепбергени, А.Р. Жангалиева, Б.А. Молдин Марат Оспанов – ғалым, саясаткер, тұлға 85 Tolepbergeni J.T., Zhangalieva A.R., Moldin B.A. M. Ospanov: Scholar, Politician, Personality 85 Ж.Т. Төлепбергени, А.Р. Жангалиева, Б.А. Молдин М. Оспанов: учёный, политик, личность 85		